



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)**

2023 жылғы 21 сәуірдегі  
№ ДС-90 сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің Тиісті дәріханалық практика стандартын (*Good Pharmacy Practice*) (бұдан әрі – GPP стандарты) енгізуге қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) әзірлеген GPP стандарты дәрілік заттарды бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын ұйымдарға қолданылады және дәріхана практиканың барлық аспектілерін, соның ішінде дәрілік заттарды өндеуді, сақтауды, дайындауды, босатуды қамтиды және барлық процестерді нақты сақтау, дәріхананың фармацевтикалық қызметінің сапасын және пациенттерді емдеу нәтижелерін жақсарту үшін қажет.

Бұдан басқа Халықаралық фармацевтикалық федерация (FIP) фармацевтикалық практика стандарттарын, соның ішінде GPP-ді әзірледі және бүкіл әлем бойынша фармацевтер мен дәріхана ұйымдарына ұсыныстар береді және қолдау көрсетеді.

*Анықтама: GPP енгізу үздіксіз процесс болып табылады. Бүгінгі таңда 70-тен астам ел GPP (АҚШ, ЕО, Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Молдова, Қырғызстан және т.б.) басшылық қазғидаттарын енгізді.*

Тиісті практика стандарттарын, оның ішінде дәріханалық стандартты кезең-кезеңімен енгізу республикада 2006 жылы басталды және ерікті негізде жүзеге асырылды.

2015 жылы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап фармацевтикалық нарық субъектілерінің GPP стандартын сақтау нормасы енгізілді.

Кәсіпкерлерді қолдау мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы

28 желтоқсандағы № 211-VI ҚРЗ Заң шеңберінде GPP енгізу мерзімі 5 жылға ауыстырылды (2018 жылдан 2023 жылға).

Осы кезеңде Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) барлық дәріханалық ұйымдары арасында, оның ішінде фармацевтикалық қауымдастықтардың қатысуымен ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Айтарлық 2019 жылы GPP стандартының талаптары дәрігер кабинетінің, диагностикалық өлшеу құралдарының және басқалардың болуы талаптарды алып тастау бөлігінде жеңілдетілді.

GPP стандарты дәрілік заттарды бөлшек саудада өткізуге оның ішінде ғимараттар мен үй-жайларға сатуға қойылатын талаптарға қайшы келмейді, жиһаз бен жабдықты жаңарту жөніндегі талаптарды, сондай-ақ дәріхананың жұмысына кедергі келтіретін қосымша талаптарды қамтымайды.

Министрліктің ақпаратына сәйкес кілттерді беру талаптары GPP стандартында жоқ (GMP және GDP-ге қатысты). Журналдар енгізу ведомстволық бұйрықтарға сәйкес жүзеге асырылады, шүберектің түстері дәріхананың лас және таза аймақтарын сәйкестендіру үшін қолданылады.

GPP стандартын енгізу дәрілік заттардың бағасына әсер етпейді, өйткені олар Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттардың, сондай-ақ медициналық бұйымдардың шекті бағалары мен үстеме бағаларын реттеу және қалыптастыру қағидаларымен реттеледі (2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-247/2020 ДСМ бұйрығы). Дәрілік заттарға шекті бағаларды асырғаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 426-бабы).

Бүгінгі таңда GPP стандартын енгізген кәсіпкерлердің бағаны көтеру жағдайлары тіркелген жоқ.

Халықаралық стандартты енгізу қажеттілігін, берілген мерзімдердің жеткіліктілігін назарға ала отырып фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді ұсыну сапасын жетілдіру, жауапкершілікті арттыру мақсатында, дәріхана ұйымдарының GPP стандартын сақтау міндеттілігін қалдыру қажет деп есептейміз.

Министрліктің ақпарат бойынша, кәсіби фармацевтикалық қауымдастықтар GPP стандартын енгізу міндеттілігі бойынша ұстанымын білдіреді.

Сонымен қатар стандарттарды енгізген субъектілер үшін ынталандыру шаралары көзделген. Оларға дәрілік заттарды сатып алуға қатысу кезінде артықшылық беріледі.

Бұдан басқа Министрлік GPP стандартын енгізген субъектілерді профилактикалық бақылаудан босату бөлігінде нормативтік актілерге өзгерістер енгізуді, сондай-ақ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде дәрілік көмекті қамтамасыз ету кезінде бірлесіп төлеу рәсіміне қатысу мүмкіндігін жоспарлауда.

Қазіргі уақытта өңірлер бөлінісінде 2025 жылға дейін дәріханалардың GPP стандартына сәйкес келтіру графигі жасалды.

Халықты сапалы, тиімді және қауіпсіз дәрілік заттармен қамтамасыз етудің маңыздылығын ескере отырып, Министрлік депутаттық корпус пен фармацевтикалық қауымдастықтардың қатысуымен жоспарланған жұмысты көрсетілген график шеңберінде жүргізуге дайын.

**А. Көлгінов**

*орынд. Куспекова Г.Е.*  
750002